

Концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тіркелген активтерді концедентке беру кезінде II, III және IV топтар концессионерінің құндық теңгерімін азайтатын құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 наурызда № 16485 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 268-бабының 10-тармағына және 270-бабы 13-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тіркелген активтерді концедентке беру кезінде II, III және IV топтар концессионерінің құндық теңгерімін азайтатын құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. "Концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша концеденттен алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тіркелген активтерді концедентке беру кезінде концессионер топтарының құндық теңгерімін азайтатын құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 209 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10978 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 25 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне ресми жариялау және енгiзу үшiн Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттiк кәсiпорнына жiберiлуiн;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсiн;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркелгеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердi Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң Заң қызметi департаментiне ұсынуды қамтамасыз етсiн.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 15 ақпандағы
№ 195 бұйрығымен
бекітілген

Концессионер (концессия шартын iске асыру үшiн тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша алатын, тiркелген активтердiң бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тiркелген активтердi концедентке беру кезiнде II, III және IV топтар концессионерiнiң құндық теңгерiмiн азайтатын құнын айқындау қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Концессионер (концессия шартын iске асыру үшiн тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша алатын, тiркелген активтердiң бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде концессионер тiркелген активтердi концедентке беру кезiнде II, III және IV топтар концессионерiнiң құндық теңгерiмiн азайтатын құнын айқындау қағидалары (бұдан әрi - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетiн басқа да мiндеттi төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексiнiң (Салық кодексi) 268-бабының 10-тармағына және 270-бабы 13-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес концессионер (концессия шартын iске асыру үшiн тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша концеденттен алатын, тiркелген активтер деп танылған активтердiң бастапқы құнын, сондай-ақ концессия шарты тоқтатылған кезде, концессионер тiркелген

активтерді концедентке беру кезінде концессионер топтарының құндық теңгерімін азайтатын тіркелген активтердің құнын айқындау тәртібін регламенттеу мақсатында әзірленді.

2-тарау. Концессионер (концессия шартын іске асыру үшін тек қана концессионер арнайы құрған құқықтық мирасқор немесе заңды тұлға) концессия шарты бойынша концеденттен алатын, тіркелген активтердің бастапқы құнын айқындау

2. Салық салу мақсаттары үшін концессия объектілерінің бастапқы құны осы Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында белгіленген тәртіппен әрбір объект бойынша жеке айқындалады.

3. Тіркелген активтер ретінде танылатын концессия объектілерінің бастапқы құнына осындай тіркелген активтер пайдалануға енгізілген күнге дейін концессия шарты шеңберінде концессионер шеккен іс жүзіндегі шығындар кіреді. Мұндай шығындарға сатып алуға, салуға, монтаждау мен орнатуға арналған шығындар, сондай-ақ концессия объектісін жасау мақсатында концессионер жүргізген және:

1) Салық кодексіне сәйкес шегерімдерге жатқызылмайтын шығындардан (шығыстардан);

2) салық төлеуші Салық кодексінің 243-бабы 7-тармағының, 9-тармағының екінші бөлігінің, сондай-ақ 244-263-баптарының негізінде шегерімдерді жүзеге асыратын шығындардан (шығыстардан);

3) амортизациялық аударымдардан;

4) бухгалтерлік есепке алуда туындайтын және Салық кодексінің 242-бабының 5-тармағына сәйкес салық салу мақсатында шығыс ретінде қарастырылмайтын шығындардан (шығыстардан) басқа, активтерді сатып алуға, өндіруге, салуға, монтаждауға және орнатуға арналған шығындардың, сондай-ақ олардың құнын арттыратын, оның ішінде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына және " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңына сәйкес олардың құнын сатып алынғаннан кейін арттыратын басқа да шығындар кіреді.

4. Салық салу мақсатында концессия объектісінің бастапқы құнына, оның ішінде концессионердің концессия объектісімен байланысты:

1) жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге;

2) заңнамада белгіленген қажетті сараптамаларды жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңдарына сәйкес концессия объектісін пайдалануға енгізгенге дейін лицензиялар мен рұқсаттар алуға;

- 4) концессия объектісін құруға (салуға) пайдаланылатын шикізат, материалдарға, жұмыстар мен қызметтерге;
- 5) концессия объектісін құру (салу) кезеңінде компанияны басқаруға;
- 6) құрылыс кезеңінде есептелген құрылыс үшін алынған кредиттерге (қарыздарға) сыйақыға;
- 7) құрылыс кезеңінде есептелген құрылыс үшін алынған кредиттер (қарыздар) бойынша бағамдық айырмаларға;
- 8) мемлекеттің кепілдігі бойынша инфрақұрылымдық облигациялар бойынша сақтандыруды қоса алғанда, концессия объектісін құруға (салуға) байланысты сақтандырудың барлық түрлеріне;
- 9) қарыздарды тартуға;
- 10) инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды ұйымдастыруға;
- 11) банктік кепілдіктер бойынша ақылы банк қызметтері мен комиссияларына;
- 12) Салық кодексіне және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар алатын міндетті алымдар мен төлемдерге;
- 13) аудиторлық тексерулер жұмсалатын іс жүзіндегі шығындары;
- 14) концессия объектісін құруға (салуға) байланысты өзге де іс жүзіндегі шығындар енгізіледі.

3-тарау. Концессия шарты тоқтатылған кезде тіркелген активтерді концедентке беруі кезінде II, III және IV топтар концессионерінің құндық теңгерімін азайтатын құнды айқындау

5. Концессия шарты тоқтатылған және тіркелген активтер концедентке берілген кезде II, III және IV топтар бойынша концессионердің құндық теңгерімі:

1) топтың барлық активтерін беру кезінде - Салық кодексінің 267-бабының 8-тармағында көзделген тәртіппен есептелген топтың құндық теңгерімінің мәніне;

2) қалған жағдайларда - амортизациялық аударымдар сомасына азайтылуы белгіленген Салық кодексінің 268-бабына сәйкес берілетін активтердің бастапқы құнына азайтылады. Бұл ретте амортизациялық аударымдар есепті салықтық кезеңнің алдындағы әрбір салықтық кезеңге:

осындай нормалар белгіленген жағдайда - Салық кодексінің 271-бабы 2-тармағында белгіленген шекті нормалардан аспауы тиіс концессия объектілерін пайдалану жүзеге асырылған салықтық кезеңдерге тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық теңгерімдерін айқындау және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстар бойынша салықтық тіркелімде белгіленген;

Салық кодексінің 271-бабы 2-тармағында белгіленген тіркелген активтердің тиісті топтары үшін шекті ретінде амортизациялық нормаларға сүйене отырып есептеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК